

**«Мәдени» жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

16 – желтоқсан Тәуелсіздік күні.

«Желтоқсанның желі ызғарлы».

Мектеп кітапханашысы: Г.Ашенова

**Мәдени ауылы
2023-2024 оқу жылы**

Тұғырлы бол Тәуелсіздік!

16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге 26 жыл толды.



Тарихқа көз жіберетін болсақ, Тәуелсіздік - 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы. Патша дәуірінде де, Кеңес Одағы кезінде де тәуелсіздікке деген ұмтылыс халықтың едеуір бөлігінде қалыптасты.

Біз бірнеше жүз жыл отаршылдықтан кейін XX ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетпіз. Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі.

Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне он тоғыз жыл толып отыр. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі күдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан үшін XXI ғасыр тарихының парағы парасат

пен пайымға толы. Біздің стратегиялық міндетіміз ең бірінші тұрғындардың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеру болып табылады.



Мемлекет басшысының көрегендігі мен дер кезінде жүзеге асырылған саяси экономикалық реформалардың арқасында экономикасын түзеп, тығырықтан шықты. Қазақстанда шұғыл бетбұрыс 1995 жылдан басталды. 2000 жылдың басында Еуропа қауымдастығы, ал 2002 жылы Америка тарапынан Қазақстан нарықтық экономикасын қалыптастырып ел ретінде танылды. Елбасының жүргізіп жатқан саясатының арқасында Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі Қазақ елінің дүние жүзі қауымдастығы алдындығы беделін биіктете түсті. Ең бастысы Мемлекет басшысы нақтылаған «Қазақстан 2030» стратегиясының мақсаттары мен міндеттері ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Еліміздің негізгі мемлекеттік мақсаты – Конституциямызбен бекітілген: «Қазақстан өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы – адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Демек, қоғамда тұрақтылықты татулықты қалыптастырып, елдің тұрмыстық әл ауқатын жақсарту басты мәселе болып табылады. Біз қазір шын мәнінде дербестігімізге даңғыл жол ашып, азат ойлауды қалыптастыру жолындамыз. Ата Заңымыздың арқасында еліміз либералды демократиялық даму жолына түсті. Сонымен қатар, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылыққа негізделген сенімнің биік деңгейі сақталып отыр.



Тәуелсіздік – ол ұлттық мемлекеттік, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Олай болса, өміршендік пен кемелділік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халықы жаңа әлемнің жаңалықтарына ұмтыла бермек.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тәуелсіздік туын көтерген сәттен бастап бүгінгі күнге дейін құқықтық мемлекетке жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді. Тәуелсіздік жылдарында Әділет министрлігі және оның органдары түбегейлі өзгерді, мемлекеттік органдар жүйесінде өз орнын тапты, өзінің көп салалы қызметінің арқасында егеменді мемлекеттің құқықтық саясатын жүзеге асыруда. Әділет органдары өзінің басты міндетін юстиция сөзінің грек тілінен аударғандағы ұғымына сай «әділеттілік» қызметін жүзеге асыруда.



Бүгінгі таңда елімізде халықаралық стандарттарға сай заң базасы құрылды, әділет органдарының өкілеттігі кеңейіп құлаш жайып, алға қойылған міндеттерді атқаруда.

Қазіргі кезде халықты құқықтық институттар мен құқықтық көмекпен қамту, жас ұрпақ заңгерлерімен толықтыру әділет органдарын дамытудың негізгі мақсаты болып табылады. Құқықтық жүйені жетілдіру, халыққа нотариалды, заңи басқа да қызмет көрсету, қазіргі заманғы талаптар деңгейіне сай бағытталған.

Әділет органдарының алға қойған міндеттері сот әділеттігін, заңдылықты қамтамасыз ету, заң шығару, құқықтық ағарту тиімділігін бұдан әрі көтеру, адам құқығын қорғау.

Әділет органдары құқықтық мемлекет құруға бағытталған барлық күш-жігерлерін салып қызметін атқаруда.



Сонымен, өз ойымды қорытындылай келсем, біз тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қаншама қиыншылықтарды басымыздан өткіздік, енді осы тәуелсіздігімізді қадірлеп қастерлеп, халқымыздың әл ауқатын жақсартуға, экономикасын ары қарай көтеруге, мемлекетіміздің гүлдеп жайнауына, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында аянбай еңбек етуіміз қажет.

Күләш Ахметова**Сен - қазақсың! (үзінді)**

Сен - қазақсың!
Қазақ деген ел бөлек
Қазақ салған соқпақ бөлек, жол бөлек
Киіз үйі Жер сияқты жұп-жұмыр,
Шаңырағы Күн сияқты дөңгелек.

Сен - қазақсың!
Ұлы Дала - тұғыры.
Күмбір-күмбір күрескерлік-ғұмыры,
Тірескеннің дірілдеткен тізесін
Тұлпарының тұяғының дүбірі!

Сен - қазақсың!
Алғызбайтын барыссың!
Ар-ожданның асқағысың, намыссың!
Тағдырыңды танығысы келгендер
Тасқа басқан тарихыңмен таныссын!

Сен - қазақсың!
Отаншылсың, тектісің!
Досыңа адал, дұшпаныңа кектісің,
Бұл далаға мұрагерлік, иелік -
Ұрпақтарға ұлы аманат деп түсін.

Сен - қазақсың!
Айлалысың, ептісің
Айбарлысың, ақылдысың, беттісің.
Көп болуға, бір болуға тиіссің,
Көрмеу үшін жаттың езгі, тепкісін!

Сен - қазақсың!
Рухы еркін, өзі еркін!
Мұзбалақсың, сорғалаған сөзі еркін!
Қайталанбас күйшісің сен, құя алған
Домбыраның өзегіне өз өртің.

Сен - қазақсың!
Келе жатқан бағы асып,
Адамзаттық ізгілікке жол ашып,
Дастарханың - елшілігің ежелден,
Мейірбансың, меймандоссың қолы ашық.

Сен - қазақсың!
Қазақ едің туғанда!
Онда, дүние тағылымынан үлгі ал да,
Ата жұрттан, ана тілден айрылма,
Төбеңде Күн, төменде Жер тұрғанда!

Жазып алған: Ерменбетова Пернекыз
15.10.10ж.

Желтоқсандық екіжүзділер.

Жанғаны аздай тарихтың ақ парағы
Жалған сыбыс намысты отқа орады.
Екеу едік журфактан қудаланған
Бара-бара бірнешеу боп барады.

Өзді-өзімен соғысқан бұзақы да,
Емтиханның „екілік„ – сызаты да
Желтоқсан мен қаңтарда қуылдық деп
Еніп жатыр ерліктің құжатына.

Жетпегесін шындықтың ел түбіне
Жалтақтың да бұзылды серті, міне.
Ақпараттар тарихты „жасап„ жатыр
Жарамсақтың айналып жемтігіне.

Көтергендер ел рухын көк төсіне
Ақталса да жарады көп кешіге.
Ерді құртқан ездер де мезгіл өте
Батыр болып кім кепіл кетпесіне...

Жапырыла беретін кезбе-күшке
Қирап жатты намыстың безбені іште.
Адамзаттық тарихқа кім сенеді
Көз алдында түсетін өзгеріске?

т. 393 4165.

87016117793

Жан 7235

Кәріпжанзулеті.

Өткізілген іс-шараның хаттамасы

Өткізілген уақыты: 13.12.2023.

Өткізілген орны: Мектеп арасында

Қатысқандар: Мектеп оқушылары тәре урсым.

Іс шара атауы:	Тәуелсіздік - тұтарам! Кітап көрмесі, буклеттер, плакаттар.
Жауаптылар	Мектеп кітапхана меңгерушісі.
Іс-шараның мақсаты:	Оқушыларда патриоттық тәрбиеге шақыру тәуелсіздік бағырлармен таныстыру.
Атқарылған іс-шара	Кітап көрмесі. Оқалтам балмдамалар, суреттер, стенттік сөздер.
Шешім:	Тәуелсіздік қалай калді? - деген сөзге түсіндірісселі балмдамалар. Оқушыларда оқустанан сәндіккә патриот бауыта. Тұтам пәерін қорғауға, тілсін, дінін сақтауға оқушыларда бауыта.

Мектеп кітапханашысы: А.А. Г. Ашенова

Тәуелсіздік – тұғырым!



Тәуелсіздік – тұғырым!

Дала данышпандары

Менің Отаным- Тәуелсіз Казакстан!

Әлем таныған ұлы

"Желтоқсан желіызғарты"

16 ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Төлеби
350 жыл

Оңтөк би
340 жыл

И Л Ы Ы

